

**Тоқсандық
жиынтық бағалаудың
спецификациясы**

**«Қазақ әдебиеті»
(оқыту қазақ тілінде)**

6-сынып

МАЗМҰНЫ

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты.....	4
2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар.....	4
3. Күтілетін нәтижелер	4
4. Ойлау дағдыларының деңгейі.....	5
5. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі.....	5
6. Модерация және балл қою	6
1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	7
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	10
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	13
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	16

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша (Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) негізгі орта білім беру бағдарламасы (5-9 сыныптар)

3. Күтілетін нәтижелер

1) әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, көркем шығармалардың бейнелі суреттеулерді біледі, өлең мәтіндері мен прозалық мәтіндердің фрагменттерін (таңдауы бойынша) жатқа біледі; оқылатын шығармалардан дәйексөздерді біледі;

2) ұлттық көркем мұраның әлемдік мәдениеттегі мәнін; әдебиеттің мәдениеттің аса маңызды жетістіктерінің бірі ретіндегі рөлін; адам өміріндегі көркем әдебиеттің мәнін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, шығармадағы автордың көзқарасын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді, шығармаларда ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінеді;

3) әдеби тақырыпқа хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат дайындау; жазбаша әңгіме құрастыру үшін әдеби кейіпкерлердің диалогын (оқығанының негізінде) дайындау – кейіпкерлердің біреуіне немесе бір топ кейіпкерге (топтық мінездеме), екі кейіпкерге (салыстырмалы мінездеме) мінездеме беру кезінде, өз бетімен оқыған кітапқа шағын жазбаша пікір дайындау кезінде; талдамалық сипаттағы өзіндік мәтін құрастыру кезінде, АКТ қатыстыра отырып, оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру процесінде; өзі үшін өзекті оқу ортасын анықтау және көркем шығармаларды бағалау; пікірталастарға немесе көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысу; қажетті ақпаратты іздестіру үшін алған білім, білік және дағдыларын; оқытылатын шығармаларды талдау үшін арнайы терминдер мен ұғымдарды; өзекті проблемаларды талқылау кезінде меңгерген дағдыларын; өз ойын білдіру, мәдени іс-шараларға қатысу үшін шығармашылық қызметтің тәсілдерін қолданады;

4) оқығанына өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдай отырып, әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; тақырыпты, идеяны және шығарма композициясының, сюжет ерекшеліктерін, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін талдайды, оларды әлем әдебиеті туындыларымен және өнердің басқа түрлерінің туындыларымен салыстырады;

5) көркем мәтіннің жанры және түрі жағынан ұқсас шығарманы талдау жолдарын таңдау; фактілерді, детальдарды тарихи деректермен салыстыру; әртүрлі жоспарлар құру үшін; әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтайды; шығармалардағы құндылықтарды қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланыстырады;

6) оқылған шығарманы композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі және қойылған коммуникативті міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан; өнердің басқа да құралдары арқылы жасалған көркем мәтінді түсіндіруді бағалайды.

4. Ойлау дағдыларының деңгейі

Дағдылар тобы	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырмалар сипаттамасы	Сұрақтар түрі
Түсіну және жауап беру	Білу және түсіну	- Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды. -Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе, идеясын түсіндіреді. -Кейіпкерлердің типтерін тек тұрғысынан сипаттайды. -Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқып, жатқа айтады.	Көп таңдауы бар сұрақтар
Анализ және интерпретация	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары	-Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасайды. -Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады. -Шығармадағы көркем ауыстырулар: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау түрлерін ажырата алады.	Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар
Бағалау және салыстыру	Жоғары деңгей дағдылары	-Кейіпкерлерді өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді. -Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға береді. -Әдеби эссе жазады. -Сыни хабарлама жасайды.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

5. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына

мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

Түсіну және жауап беру - 5 минут

Анализ және интерпретация - 15 минут

Бағалау және салыстыру - 20 минут

Балл саны: 20

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім - түсіну және жауап беру, екінші бөлім - анализ және интерпретация, үшіншісі - бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмалар түрлері	*Тапсырмалар сипаттамасы	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	6.2.2.1 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. 6.3.3.1 Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.	Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді.	5	5
6-10	6.2.1.1 Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау. 6.2.2.1 Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. 6.2.3.1 Шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. Жауаптарды 3-4 сөйлемнің шамасында беруге болады.	15	10
11	6.3.3.1 Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Берілген тақырыпқа өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады.	20	5
Барлығы				40 минут	20

Тапсырмалар және балл қою кестесі

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Аяз би неліктен өзін «жаманмын» деді?

- А) Уәзірлерге көмектескені үшін
- В) Ханның жұмбағын шешу үшін
- С) Далада мал бағып жүргені үшін
- Д) Өмір бойы біреудің босағасында жүргені үшін

[1]

2. Жаманның Аяз би аталу себебі неде?

- А) әділеттілігінде
- В) көрегендігінде
- С) тапқырлығында
- Д) ақылдылығында

[1]

3. Тіршілікте ... бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.

... еш уақытта жазғырма,

Тіпті кейде болса эәзіл азғырған, - көп нүктенің орнына қойылатын сөздер қатарын белгілеңіз.

- А) болаттай, өміріңді
- В) құрыштай, тағдырыңды
- С) құрыштай, өміріңді
- Д) болаттай, тағдырыңды

[1]

4. Доспамбет жыраудың «Айналайын, Ақ Жайық» жырына сәйкес келетін қатарды белгілеңіз.

- А) туған жерді сағыну
- В) өткен өмірді аңсау
- С) елді жаудан қорғау
- Д) елге деген сүйіспеншілік

[1]

5. Кілең **бұздай** кілшейтіп,

Көбелер киген өкінбес.

Жұпарын **қардай** боратып,

Арулар құшқан өкінбес...- қарамен берілген сөздерге сай қатарды анықтаңыз.

- А) теңеу, қару, теңеу
- В) эпитет, сауыт, эпитет
- С) сын есім, қару, сын есім
- Д) теңеу, темір сауыт, теңеу

[1]

6. «Аяз әлінді біл, құмырсқа жолыңды біл» дегенді қалай түсінесіз?

[2]

7. Осы заманда кімдерді «жаман» деп айтуға болады?

[2]

8. Әл-Фарабидің «Өрге жүзер өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен» деген ойына өз пікіріңізді жазыңыз.

[2]

9. Ғұлама Әл-Фарабидің қасиетін ашатындай 3 сын есім жазыңыз.

[2]

10. «Сарыарқаның бойында, соғысып өлген өкінбес!» деген жолдардан не түсіндіңіз? Жыраудың өмір сүрген заманы қандай, елді кімдерден қорғады ? Өз ойыңызды жазыңыз.

[2]

11. «Аяз би» ертегісіндегі халық арманы. Эссе жазыңыз.

[5]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	Д	1	
2	А	1	
3	В	1	
4	В	1	
5	Д	1	
6	Өз ойын жазады	2	
7	Өз ойын дәлелдеп жазады	2	
8	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді	2	
9	Әл-Фарабидің 5 қасиетін жазады	2	
10	Үзінді бойынша өз ойын жазады	2	
11	Тәрбиелік мәнін талдайды	1	
	Ертегіден дәлелдер келтіреді	1	
	Шығармадағы мәселенің өміршеңдігін сараптайды	1	
	Өз көзқарасын айтады	1	
	Жазба жұмысының құрылымын сақтайды	1	

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

Түсіну және жауап беру - 5 минут

Анализ және интерпретация - 15 минут

Бағалау және салыстыру - 20 минут

Балл саны: 20

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім - түсіну және жауап беру, екінші бөлім - анализ және интерпретация, үшіншісі - бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмалар түрлері	*Тапсырмалар сипаттамасы	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	6.1.2.1 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. 6.1.3.1 Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.	Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді.	5	5
6-10	6.2.1.1 Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау. 6.2.2.1 Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. 6.2.3.1 Шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау. 6.2.4.1 Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. Жауаптарды 3-4 сөйлем шамасында беруге болады.	15	10
11	6.3.2.1 Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Берілген тақырыпта өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады.	20	5
Барлығы				40 минут	20

Тапсырмалар және балл қою кестесі

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің идеясына сай қатарды белгілеңіз.
А) өзіндік ойымен бөлісу
В) әдемі сөздерді көп қолдану
С) айшықты сөздермен өлең жазу
Д) өлең арқылы үлгі-өнеге көрсету [1]
2. ...Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта **көңіл** – **гүл**... қарамен берілген сөздер троптың қай түріне жатады?
А) теңеу
В) метафора
С) синекдоха
Д) метонимия [1]
3. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде қандай мәселе көтерілді?
А) кедейлік мәселесі
В) мал табу мәселесі
С) тәлім-тәрбие мәселесі
Д) адамгершілік мәселесі [1]
4. «Естігенді есте сақтау жолдары» Абайдың қай қара сөзінде айтылады?
А) 1
В) 17
С) 31
Д) 29 [1]
5. Абайдың «Жетінші қара сөзіндегі» білсем екен демекке тән қатарды белгілеңіз.
А) дүниені тану
В) оқумен айналысу
С) музыкаға құмарту
Д) айналаны қызықтау [1]
6. Абайдың «бес асыл ісіне» сіз тағы не қосар едіңіз? Ойыңызды 5-6 сөйлеммен дәлелдеп жазыңыз.
_____ [2]
7. «Отыз бірінші қара сөзінде» айтылған «ой кеселді нәрселерден қашық болу» дегенді қалай түсінесіз?
_____ [2]
8. Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ойына өз көзқарасыңызды жазыңыз.
_____ [2]
9. Абайдың қара сөздерінен қандай үлгі алдыңыз?
_____ [2]

10. «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» дегенді қалай түсінесіз?

[2]

11. Абайдың жастарды оқу-білімге шақыруы қазіргі заманда өзекті ме? Ақынның шығармаларын талдай отырып, өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	Д	1	
2	В	1	
3	С	1	
4	С	1	
5	Д	1	
6	Өзіндік ой жазады	1	
	Өз ойын дәлелдейді	1	
7	Кеселді ой туралы өз пікірін жазады	1	
	Өз ойын дәлелдеп жазады	1	
8	Өз көзқарасын жазады	2	
9	Өз ойын шығармадан үзінді келтіру арқылы жеткізеді	2	
10	Оқу-білім туралы жазады	1	
	Ақынның ойымен байланыстырады	1	
11	Ақынның ойымен байланыстыра отырып, өз ойын жазады	1	
	Шығармадан дәлелдер келтіреді	1	
	Шығармадағы мәселенің өміршендігін сараптайды	1	
	Өз көзқарасын білдіреді	1	
	Жазба жұмысының құрылымын сақтайды	1	

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

Түсіну және жауап беру - 5 минут

Анализ және интерпретация - 15 минут

Бағалау және салыстыру - 20 минут

Балл саны: 20

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім - түсіну және жауап беру, екінші бөлім - анализ және интерпретация, үшіншісі - бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмалар түрлері	*Тапсырмалар сипаттамасы	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	6.1.2.1 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. 6.1.3.1 Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.	Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді.	5	5
6-10	6.2.1.1 Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау. 6.2.2.1 Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. 6.2.3.1 Шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. Жауаптарды 3-4 сөйлемнің шамасында беруге болады.	15	10
11	6.3.3.1 Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Берілген тақырыпқа қатысты өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады.	20	5
Барлығы				40 минут	20

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгісі
«Қазақ әдебиеті» пәнінен 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Мен – балаң, жарық күнде сәуле қуған,
Алуға Күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған Айдай балқып туған...- деген өлең жолдарында троптың қай түрлері кездеседі?
А) эпитет, теңеу
В) теңеу, метафора
С) кейіптеу, теңеу
Д) эпитет, метафора [1]
2. Аян алғаш рет қалай тобығын тайдырды?
А) Алыс-жұлыс ойын үстінде күрескенімізде
В) Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кеткенде
С) Мұз айдынында сырғанақ теуіп жүргенде
Д) Соқаға жегілген өгізден домалап түскенде [1]
3. «Қаралы қағаз» Аянға қай кезде келді?
А) Жазда
В) Қыста
С) Көктемде
Д) Күзде [1]
4. Тортайдың арманындағы «ақ боз ат» не еді?
А) ақын болу
В) жазушы болу
С) Монғолияға бару
Д) жетімдіктен құтылу [1]
5. Қажымұқан бойынан қандай қасиеттерді байқадыңыз?
А) ашушаңдық, беріктік, намысшылдық
В) батылдық, еріншектік, намысшылдық
С) мықтылық, төзімділік, ақкөңілділік
Д) намысшылдық, отансүйгіштік, сөзге беріктік [1]
6. С.Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам...» өлең жолдарындағы «қараңғы» деген сөзді қалай түсіндіңіз? Пікіріңізді жазыңыз.
_____ [2]
7. Өңгімеші баланың Аянмен достығын сипаттап жазыңыз.
_____ [2]
8. Аяның ертегі айтудағы шеберлігіне қысқаша сипаттама беріңіз.
_____ [2]
9. Тортайдың «Мен міне алмаған ақ боз атты бәлкім сен мінерсің...» дегенін қалай түсінесіз?
_____ [2]

10. Қажымұқан палуаннан қандай үлгі-өнеге алар едіңіз? Өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

[2]

11. Аян мен Тортай – соғыс құрбандары. Шығармадан дәлелдер келтіре отырып, эссе жазыңыз.

[5]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	С	1	
2	В	1	
3	А	1	
4	В	1	
5	С	1	
6	«Қараңғы» сөзін қалай түсінетінін жазады	1	
	Өз ойын 3-4 сөйлеммен дәлелдеп жазады	1	
7	Достықты сипаттайды	1	
	3-4 сөйлеммен жазады	1	
8	Кейіпкер бойындағы қасиеттерге өз көзқарасын білдіреді	1	
	Шығармадан дәлелдер келтіреді	1	
9	Астарлы ойды ашып жазады	1	
	Өз ойын шығармадан үзінді келтіру арқылы жеткізеді	1	
10	Қажымұқанның қасиеттерін жазады	1	
	Не үшін деген сұраққа жауап жазады	1	
11	Аян мен Тортайдың жетімдігі туралы жазады	1	
	Шығармадан дәлелдер келтіреді	1	
	Олардың өмірлерінің ұқсастығына тоқталады	1	
	Өз көзқарасын білдіреді	1	
	Жазба жұмысының құрылымын сақтайды	1	

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

Түсіну және жауап беру - 5 минут

Анализ және интерпретация - 15 минут

Бағалау және салыстыру - 20 минут

Балл саны: 20

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім - түсіну және жауап беру, екінші бөлім - анализ және интерпретация, үшіншісі - бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмалар түрлері	*Тапсырмалар сипаттамасы	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	6.1.1.1 Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау. 6.1.2.1 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. 6.1.3.1 Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.	Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/жабық сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді.	5	5
6-10	6.2.1.1 Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау. 6.2.2.1 Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. 6.2.3.1 Шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау. 6.2.4.1 Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. Жауаптарды 3-4 сөйлемнің шамасында беруге болады.	15	10
11	6.3.3.1 Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Берілген тақырыпқа қатысты өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады.	20	5
Барлығы				40 минут	20

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгісі
«Қазақ әдебиеті» пәнінен 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Ол – менің ... ,
ұлдарыма оны дарыттым.
Тәуелсіздік – мен,
ол – менің ... аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн! - көп нүктенің орнына қолданылатын сөздер қатарын белгілеңіз.
А) жүрегім, биік
В) тегім, асқақ
С) тілегім, биік
Д) тірегім, асқақ [1]
2. «Менің Дағыстаным» шығармасында көтерілген басты мәселе қандай?
А) туған жерден кету
В) ата-ана сағынышы мен арманы
С) ана сүтімен берілген тілді ұмыту
Д) баланың ата-ана, туған жер алдындағы парызы [1]
3. «Прописка» шығармасындағы басты кейіпкердің елге оралуындағы басты мақсаты қандай?
А) тіркеуге отыру
В) ауылда жұмыс істеу
С) ауылда уақыт өткізу
Д) ағасының жанында болу [1]
4. «Егер тілім ертең болса құрымақ, Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ...» - осы өлең жолдарында автор қандай мәселені алға тартып отыр?
А) тіл тарихы туралы
В) өзге тілді меңгеру қажеттігі
С) шет тілдерінің басымдылығы
Д) ана тілінің жойылып бара жатқаны [1]
5. «Ана тілім» өлеңінің негізгі идеясы қандай?
А) Өнер алды – қызыл тіл.
В) Тіл – қарым-қатынас құралы.
С) Тіл жойылса, ел де жойылады.
Д) Бірнеше тіл білу - ел болашағы. [1]
6. «Құлыным, сенің тарихың басқа...» тек деген...- деген өлең жолдарынан не түсіндіңіз? Өз ойыңызды жазыңыз.
_____ [2]
7. «Прописка» шығармасындағы негізгі кейіпкер желтоқсан оқиғасына қатысқанына өкіне ме? Қалай ойлайсыз? Шығармадан дәлел келтіріңіз.
_____ [2]
8. «Менің Дағыстаным» шығармасының негізгі идеясына қатысты өз ойыңызды жазыңыз.
_____ [2]
9. «Менің Дағыстаным» шығармасындағы ананың сөзімен келісесіз бе?
_____ [2]

10. Тәуелсіздік сөзінің мағынасын ашып жазыңыз, көркемдегіш құралдарды орынды қолданыңыз.

[2]

11. «Ана тілі ана сүтімен беріледі, ана тілін ұмыту - анадан ұмытумен бірдей» тақырыбында эссе жазыңыз. Оқылған шығармалардан дәлел келтіріңіз.

[5]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	В	1	
2	С	1	
3	А	1	
4	Д	1	
5	С	1	
6	Өз ойын жазады (2-3 сөйлем)	2	
7	Оқушы бір пікірді ұстанып талдайды	1	
	Шығармадан дәлел келтіреді	1	
8	Негізгі идеяны анықтайды	1	
	Өз ойын жазады	1	
9	Келісу, келіспейтіндігін нақты дәлелдермен жазады (2-3 сөйлем)	2	
10	Тәуелсіздік сөзінің мағынасын ашып жазады	1	
	Көркемдегіш сөздерді орынды қолдананды	1	
	Тақырыпты ашып жазады	1	
	Шығармадан нақты дәлелдер келтіреді	1	
	Шығармадағы мәселенің өміршеңдігін сараптайды	1	
	Өз көзқарасын білдіреді	1	
	Жазба жұмысының құрылымын сақтайды	1	